

10. Органы управления хозяйственными обществами. Правовой аспект: Монография / Могилевский С.Д. - М.: Дело, 2001. - 360 с.

11. Правовое регулирование оценочной деятельности. Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03 / Залавская О.М. - Самара, 2005. - 251 с.

12. Фатхутдинов Р.С. Уступка доли в уставном капитале ООО: теория и практика: Монография. – М.: Волтерс Клувер, 2014. – 184 с.

ГАРАНТИИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ И ЗАЩИТЫ ОСНОВНЫХ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА

Дусанбекова Молдир Аширбековна
магистр права., кафедры
«Национальное и международное право»,
Университет «Туран-Астана»,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан.
«Национальное и международное право»,
Университет «Туран-Астана»,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан.
Карипова Асель Исенкельдывна
к.ю.н., доцент кафедры

АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ КЕПІЛДІКТЕРІ

Dusanbekova Moldir Ashirbekovna
«Turan-Astana» University,
Nur-Sultan, Kazakhstan
«National and international law» department
Karipova Assel Yesenkeldyevna.
«Turan-Astana» University,
Nur-Sultan, Kazakhstan
«National and international law» department
DOI: [10.31618/nas.2413-5291.2020.2.54.194](https://doi.org/10.31618/nas.2413-5291.2020.2.54.194)

Аңдатпа

Осы зерттеулердің мазмұнынан туындайтыны - адам құқықтары өзекті тақырып болып табылады. Оның өзектілігі осы тақырып туралы көп айтылып және көп жазылуында емес. Ең бастысы Қазақстанда адам құқықтарын ілгерілету және қорғау таңдаулы әлемдік тәжірибені есепке алмай жүзеге асырылуы мүмкін емес. Олар мемлекеттік және мемлекетаралық басқару объектісі ретінде халықаралық қорғалуға мұқтаж және барлық әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерімен ғана тиімді қорғалуы мүмкін. Оларды қорғаудың ұлттық институттарының болуымен қатар, сондай-ақ адам құқықтарын қорғаудың халықаралық құралдарының және институттарының, сондай-ақ адам құқықтары туралы көптеген арнайы декларациялардың, пактілердің, Хартиялардың, конвенциялардың болуы осыны көрсетеді.

Аннотация

Соблюдение и защита прав человека в Казахстане не могут осуществляться без учета мировой практики. Они нуждаются в международной защите как объект государственного и межгосударственного управления и могут эффективно защищаться только усилиями всего мирового сообщества, наряду с наличием национальных институтов защиты прав человека, а также международных средств и институтов, многочисленных специальных деклараций, пактов о правах человека.

Abstract

The Observance and protection of human rights in Kazakhstan cannot be carried out without taking into account world practice. They need international protection as an object of state and interstate governance and can be effectively protected only by the efforts of the entire world community, along with the presence of national institutions for the protection of human rights, as well as international means and institutions, numerous special declarations and covenants on human rights.

Түйінді сөздер: Конституция, кепілдік, Омбудсма, рухани-адамгершілік, Конвенция, Халықаралық пакт.

Кепілдіктер деп мемлекет құрған материалдық, әлеуметтік- адамгершілік, саяси, құқықтық және ұйымдастыру жағдайлары, ол пайдаланатын, жеке тұлғаға нақты құқықтар мен бостандықтарды пайдалану үшін және оған

жүктелген міндеттерді мүлтіксіз орындауға арналған құралдар түсіндіріледі.

Жағдайлар – негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер жүзеге асырылатын саяси-құқықтық режим.

Құралдар – жеке тұлғаға негізгі құқықтармен және бостандықтарды пайдалану үшін және өз міндеттерін орындау үшін нақты мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін тетік және материалдық көздер.

Ең жоғары заңды күші бар жеке тұлғаның негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің жалпы кепілі 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын мүлтіксіз сақтауға, ажыратылмайтын табиғи құқыққа және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттары мен нормаларына негізделген мемлекеттік құрылыстың өзі болып табылатыны белгілі. Осы ең жоғары кепілдікті Конституция адам мен азаматтың белгілі бір құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне және оларды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің міндеттеріне айналдырады.

Материалдық кепілдіктер – тиісті экономикалық алғышарттар:

мемлекетте әрбір адам мен азамат үшін құқықтардың, бостандықтар мен міндеттердің экономикалық қамтамасыз етілуінің қажетті стандартының болуы;

әлеуметтік-экономикалық кеңістіктің бірлігі, тауарлардың, қызметтердің, ақша қаражатының еркін қозғалысы, сондай-ақ экономикалық қызмет еркіндігі;

меншіктің барлық түрлерін тану және тең қорғау және әркімнің ақылға сыйымды материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған олардың базасына негізделген шаруашылық жүргізу жүйесі;

жеке тұлға мен мемлекет арасындағы әлеуметтік ынтымақтастық, кәсіпкерлік қызметте бәсекелестікті қорғау және т.б.

Әлеуметтік-адамгершілік кепілдіктер – идеологияны монополияландыруға, діни және нәсілдік дұрдараздыққа тыйым салу; демократиялық қоғамдық пікір; қажетті білім деңгейі (білімнің жалпыға бірдей қолжетімділігі және ақысыз болуы); ақпаратқа қолжетімділік және т.б. Мемлекет әр қайсысына лайықты тұрмыс жағдайын қамтамасыз ету үшін өзіне міндеттер алады.

Саяси кепілдіктер – әрбір адамның және азаматтың мемлекет пен қоғамның істерін басқаруға мүмкіндігі болатындай етіп іс-қимыл жасайтын мемлекеттік органдар мен қоғамдық-саяси ұйымдар.

Құқықтық кепілдіктер – жеке тұлғаның құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін құқық нормаларымен бекіту және оларды мемлекеттің барлық құқық қорғау қызметімен және барлық әлемдік қоғамдастықпен қамтамасыз етілуі, сақталуы және қорғалуы.

Сонымен, жеке тұлғаның мемлекет ресми таныған құқықтары мен бостандықтарын сақтау – мемлекеттің міндеті. Бұл үшін мемлекет тиісті кепілдіктерді дамытады және жасайды және оларды жүзеге асыру (іске асыру) тетіктерін бекітеді. Біріншіден, бұл оның негізгі ережелерін дамытуға бағытталған Конституцияға сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілер.

Екіншіден, бұл сот және құқық қорғау органдары жүйесін құру. Үшіншіден, бұл олардың қызметінің мақсаты жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және сақтау болып табылатын арнайы органдар мен мекемелер құру.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабында оған сәйкес емес деп танылған заңдар және халықаралық шарттарға қол қойылуы, не тиісінше ратификациялануы және қолданысқа енгізілуі мүмкін емес. Конституциялық емес деп танылған оның ішінде адам мен азаматтың Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсететін заңдар және өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолдануға жатпайды. Осылайша, осы норма жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының бұлжымайтындығына кепілдік береді. Ол заң билігі органдарына ана не мына құқықтар мен бостандықтардың күшін жою, қайта қарау немесе кепілдік деңгейін кез келген төмендету Конституциялық Кеңеске жүгінуді қажет ететінін әрдайым еске салып отырады.

Конституцияда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тек қана заңдармен және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандығын, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау үшін қажетті мөлшерде ғана мүмкіндік беріледі. Бұл ретте, мынаны есте ұстау керек, шектеу құқықтар мен бостандықтарды жою немесе төмендетумен бірдей емес және ол Конституцияда қатаң бекітілген қажетті мөлшерде ғана жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның негізгі құқықтарының, бостандықтары мен міндеттерінің заңмен кепілдендіруінің нақтылығы олардың мазмұнын, сондай-ақ олардың жолдары мен қамтамасыз ету құралдарын айқындап беруге арналған ағымдағы заңнама құралдарымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, осы құқықтардың, бостандықтар мен міндеттердің заңмен бекітілуі ғана емес жеке тұлғаның өзінің тікелей құқықты іске асыру қызметі де және мемлекеттің құқық қолдану қызметі де маңызды. Соңғысы барлық тұлғалардың оларды мәжбүрлеп орындату және оларды іске асыру жолындағы кедергілерді жою мүмкіндігін қамтиды.

Адам мен азаматтың негізгі құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне кепілдік берудің көмегімен оларды қамтамасыз ету жүзеге асырылады, яғни, оларды жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау. Жеке тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мемлекеттік қызметтің үш элементін (бағытын) қамтиды:

құқықтар мен бостандықтарды іске асыру үшін жағдайлар жасау – олардың жалпыға бірдей кепілдіктерінің қалыптасуына оң ықпалын тигізу жолымен;

құқықтар мен бостандықтарды қорғау – олардың бұзылуының алдын алу жолымен (яғни құқыққа қарсы іс-қимылдарға жол бермеу);

құқықтар мен бостандықтарды қорғау – бұзылған құқықтық мәртебені қалпына келтіру, құқық бұзушыларды заңды жауапқа тарту арқылы.

Конституцияның «Адам және азамат» II бөлімінде жеке адамның негізгі құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты ережелер қамтылған.

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтары танылады және кепілдік беріледі [1.25 б.].

Конституцияның 12-бабы 2-тармағына сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, абсолютті және ажырамас болып танылады, заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын айқындайды. Бұл ретте әркімнің оны құқық субъектісі екендігін тану құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық жолдармен қорғауға құқылы. Қазақстанда сот билігі азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттарын орындауды қамтамасыз етуге арналған. Осылайша, Конституцияға сәйкес сот әділдігі органдарына жүгіну негізді түрде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты құралы ретінде қарастырылады, ал Конституцияда осындай қорғау мақсатында жеке тұлғалар және заңды тұлғалар жүгінуі мүмкін соттан тыс құралдарды және үдерістерді қолданудың қандай да бір айқын ескертуі қамтылмаған.

Адам құқықтарын сотпен қорғаудың маңызды кепілі ешкім де ол заң бойынша соттылыққа жатқызылған сол сотта және сол судьямен оның ісін қарау құқығынан айырылуы мүмкін емес деген конституциялық қағидат болып табылады.

Мемлекеттің құқықтар мен бостандықтардың қорғалуын қамтамасыз ету міндетімен қатар адамның өзінің де заңда тыйым салынбаған барлық жолдармен өз құқықтары мен бостандықтарын өзі қорғау құқығы бар. Өзін өзі қорғау жолдары сан алуан: лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне шағымдану, бұқаралық ақпарат құралдарына өтініш жасау, құқық қорғау ұйымдарын және қоғамдық бірлестіктерді (кәсіподақтар және т.б.) пайдалану.

Ұйымдастыру кепілдіктері қызметінің мақсаты жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау болып табылатын органдар мен лауазымды тұлғалар жүйесінің болуынан көрінеді [2.87 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті құқықтар мен бостандықтардың кепілі болып табылады. Құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету бойынша шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдіктерінің бірінің қатарына кіреді. Бұл жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге мемлекеттің барлық тетігі, мемлекеттік биліктің барлық органдары қатысатынын білдіреді. Дәстүрлі құқық қорғау, заңды мекемелермен (институттармен) қатар, мемлекеттік органдар мен

лауазымды тұлғалардың қызметінде құқықтар мен бостандықтардың сақталуына бақылауды жүзеге асыруға арналған жаңа институттар құрылууда. Омбудсман институты немесе Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты солардың қатарына жатады.

Адвокаттардың Халықаралық Палатасының (1974 ж.) анықтамасына сүйенетін болсақ: Омбудсман – бұл конституцияда көзделген және заңнамалармен немесе парламент құрған, парламентке есепті (немесе бақылауындағы) тәуелсіз лауазымды тұлға басқаратын қызмет. Омбудсман зардап шеккен тұлғалардың мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік қызметшілердің шешіміне немесе әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарын қарайды. Ол тергеу жүргізуге, түзету іс-қимылын ұсынуға және баяндамалар ұсынуға уәкілетті [3].

Омбудсман қызметі алғаш рет 1809 жылғы Конституцияны қабылдауға байланысты Швецияда құрылды. Алайда «ombudsman» терминінің өзі бұдан бұрынғы жылдары пайда болды және «басқа адамдардың өкілі» немесе «уәкіл» дегенді білдірді.

Швецияның 1809 жылғы Конституциясына сәйкес әділет Омбудсманын Парламент тағайындады және соттарды және әкімшілік органдарды қадағалауға; қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңсыз актілер жасаған немесе өз міндеттерін тиісінше жолдармен атқармаған адамдарға қарсы іс қозғауға уәкілетті болды. Осы Конституцияда әубаста Омбудсманның Парламентке есептілігі және Парламентке жыл сайын баяндама ұсынуы туралы ереже бекітілді. 1941 жылға дейін Омбудсманды Парламент жыл сайын сайлап отырды. 1941 жылдан бастап ол төрт жылға сайланатын болды. Омбудсман мемлекеттік билік органдарының заңдары мен өкімдерінің, іргелі құқықтар мен жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сақталуын бақылауға тиісті азаматтық құқықтардың кепілі болды. Омбудсманның зардап шеккен адамдардан шағым түскеннен кейін мемлекеттік органдарға инспекция жүргізе алатын, заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар туралы ұсыныстар әзірлеу, мемлекеттік қызметшілерге қатысты қылмыстық қудалауды қозғау мүмкіндігі болды. Омбудсманның әлеуметтік және саяси жағдайы Швецияда жоғары болды, оның жалақысы Жоғары сот судьясының лауазымдық еңбекақысына теңестірілді. Жеке және заңды тұлғалар Омбудсманға жазбаша шағымданды. Бұдан басқа мемлекеттік және муниципалды органдарды, соттарды, түрмелерді, полиция органдарын, ақыл-есі кемдерге арналған клиникаларды инспекциялау кезінде Омбудсманға ауызша шағымдануға болатын [3. 54 б.].

Әділет Омбудсманымен қатар әскери Омбудсман, монополияға қарсы Омбудсман, жыныстардың теңдігін қамтамасыз ету жөніндегі Омбудсман құрылды. Олардың міндеті – қақтығысушы екі жақты татуластыру (медиация), әр түрлі ұстанымдардың келісіміне қол жеткізуге көмектесу. 1986 жылы этникалық кемсітушілікпен күрес мәселелері жөніндегі Омбудсман құрылды.

Швецияның 1974 жылғы Конституциясына сәйкес мемлекеттік биліктің ең жоғарғы органы ретінде Риксдаг азаматтық және әскери әкімшіліктің, жергілікті басқару органдары мен соттардың қызметінің заңдылығын тексеру міндеті қойылатын Омбудсмендерді сайлайды.

Омбудсмен институты дамуының шырқау шыңы ХХ ғ. 50-70-шы ж.ж. – Адам құқықтары туралы Халықаралық Билльдің қабылдану және бекітілу кезеңіне тұспа-тұс келетіні белгілі (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 ж., Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт 1966 ж., Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт 1966 ж.). Осы институт басқарудың әр алуан түрлері – конституциялық монархиялар, президенттік және парламенттік республикалар қабылданған мемлекеттерде қоғамдық танылды және әр алуан құқық топтарына жататын мемлекеттерде табысты жұмыс істеуде (англосаксон и континенталды құқықтар): Финляндия (1920 ж.), Норвегия (1952 ж.), Дания (1953 ж.); Батыс Германия (1957 ж.); Ұлыбритания (1967 ж.), Канада (1967 ж.), АҚШ (1969 ж.) [3.87 б.].

Осы мақаланың мазмұнынан туындайтыны - адам құқықтары өзекті тақырып болып табылады.

Оның өзектілігі осы тақырып туралы көп айтылып және көп жазылуында емес. Ең бастысы Қазақстанда адам құқықтарын ілгерілету және қорғау таңдаулы әлемдік тәжірибені есепке алмай жүзеге асырылуы мүмкін емес. Олар мемлекеттік және мемлекетаралық басқару объектісі ретінде халықаралық қорғалуға мұқтаж және барлық әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерімен ғана тиімді қорғалуы мүмкін. Оларды қорғаудың ұлттық институттарының болуымен қатар, сондай-ақ адам құқықтарын қорғаудың халықаралық құралдарының және институттарының, сондай-ақ адам құқықтары туралы көптеген арнайы декларациялардың, пактілердің, Хартиялардың, конвенциялардың болуы осыны көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995ж.
2. Мукамбаева Ж.А. Жеке деңгейдегі құқық түсінігі // Ғылыми еңбектер «Әділет». – 2000.
3. Адам құқықтарының жалпы теориясы. Авторлық ұжымның жетекшісі және жауапты редактор заң ғылымының докторы Е.А. Лукашева. – М.: «НОРМА» баспасы. - 1996.

ЭКОЛОГИЗАЦИЯ РОССИЙСКОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА О НАЛОГАХ И СБОРАХ

Коловайло Светлана Александровна

кандидат экономических наук

доцент кафедры административного и финансового права

Крымского филиала ФГБОУ ВО

«Российский государственный университет правосудия»,

г. Симферополь

GREENING OF RUSSIAN LEGISLATION ON TAXES AND FEES

Kolovailo Svetlana

candidate of Sciences, assistant professor

of the Crimean branch of the Federal State Budget-Funded Educational

Institution of Higher Education «The Russian State University of Justice»,

Simferopol

DOI: [10.31618/nas.2413-5291.2020.2.54.197](https://doi.org/10.31618/nas.2413-5291.2020.2.54.197)

Аннотация

Существующие эколого-экономические проблемы определяют необходимость анализа и разработки предложений по совершенствованию инструментов, позволяющих с одной стороны стимулировать рациональное природопользование, с другой - снизить налоговую нагрузку на субъектов хозяйствования, что будет способствовать их заинтересованности во внедрении ресурсосберегающих технологий. В работе обосновывается необходимость преобразования налоговой системы, которые позволят обеспечить сбалансированное эколого-экономическое развитие.

Abstract

The existing environmental and economic problems determine the need to analyze and develop proposals for improving tools that allow, on the one hand, to stimulate rational use of natural resources, on the other - to reduce the tax burden on business entities, which will contribute to their interest in the introduction of resource-saving technologies. The paper substantiates the need to transform the tax system, which will ensure a balanced environmental and economic development.

Ключевые слова: экологический налог, налоговые льготы, налогообложение, охрана окружающей природной среды, утилизационный сбор.

Keywords: environmental tax, tax benefits, taxation, environmental protection, recycling fee.

Право на благоприятную окружающую среду, достоверную информацию о ее состоянии и на возмещение ущерба, причиненного его здоровью или имуществу экологическим правонарушением,